

Бірлік пен мұрат

Тәуке ханның тұсында ұлы жүзге – Төле би, орта жүзге – Қазыбек би, кіші жүзге – Әйтеке би басшы болып тағайындалған. Олар ел бірлігі мен жердің тұтастығына ерекше мән береді. Қоғамдық – әлеуметтік жағдайларға, тарихи оқиғаларға, адам мен оның іс-әрекеттеріне, келешек күндеріне ерекше назар аударады. Сөйтіп, ел тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін ақылын, күш-жігерлерін, мол өмір тәжірибелерін арнаған.

Әз-Тәуке хан төңірегінде топтасқан үш би болашаққа бағыт-бағдар жасайды. «Билер кеңесі» бекіткен «Жеті жарғы» атты әдет-құқықтық құжаттың негізін қалап, онда қоғамдық қатынастарды жүйелеп, өмірге ендіреді.

Қазіргі кезеңде үш бидің мақсат-мұраттары толық жүзеге асты. Еліміз тәуелсіздік алды. Халқымыз тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Адамзаттың мақсат-мұраты да осы.

